



**№ 4 (40)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.Қ. Қанатов
Т.Е. Қаудыров
В.Т. Қоныс
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор к., 8 үй
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 20 жылдығына арналған салтанаттық жиналыстағы ҚР Әділет министрі Б.М. Имашевтың сөйлеген сөзі	7
Конституциялық және әкімшілік құқық	11
Л.Т. ЖАНҰЗАҚОВА Президенттің Жүз қадамын жүзеге асыру аясындағы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызметті жетілдірудің негізгі бағыттары	11
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Заңды процестер қазіргі құқықтық интеграцияның негізгі құрамдас бөлігі ретінде.....	18
Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы	25
В.Т. ҚОНЫС Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттердегі банк омбудсманы.....	25
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ШӘМШЕКБАЕВ Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша рента шартын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері.....	33
И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТҰРЛЫБЕК Шарттық міндеттемелер бөлігіндегі азаматтық заңнаманы жетілдіру (жалпы ережелер және мүлікті беру туралы шарттық міндеттемелер)	39
Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу	44
А.Қ. ҚАНАТОВ Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруды (жылыстатуды) жіктеу проблемасы (жаңашылдықты мониторингілеу)	44
Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Сыбайлас жемқорлық қылмыстарын тергеу барысында Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодексін қолданудың кейбір мәселелері	49
А.К. КҰРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАҒҰЛОВ Кепілдегі мүлікке тыйым салудан босату, оның ішінде қылмыстық процесте тыйым салудан босату туралы, азаматтық талап қоюды қараудың құқықтық аспектілері	54
Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану	61
М.А. СӘРСЕМБАЕВ, Қ.М. СӘРСЕМБАЕВ, Д.М. СӘРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Халықаралық құқықтық құжаттардағы терроризм тақырыбы: оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар).....	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАЙЫРОВА Еуропалық Одақтағы шешімдер қабылдау тетіктерінің өзекті ережелері	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетудің құқықтық базасын жетілдіру мәселелері	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ Қосарланған салық салудан жалтарудың кейбір мәселелері туралы	84
Құқықтық мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Құқықтық мониторинг Қазақстан Республикасының құқықтық саясаты тұрғысынан: теориялық-талдау аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Ғ. ҚАЗИЕВ Заңнама тиімділігін зерттеудің шетелдік тәжірибесі	92
Ә.Ғ. ҚАЗБАЕВА Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторингінің теоретикалық аспектілері	96
Е.А. ДҮЙСЕНОВ, О.Қ. ҚАРАҚОЖАЕВ Қазақстан Республикасында қоғамдық ұйымдардың құқықтық мониторинг жүргізуге қатысуы	101
Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МҮШАНОВ Ұлттық заңнамадағы терминология мәселелері	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Заңнамада терминнің атқаратын рөлі	110
А.А. МЕДИНАЕВА Қолданыстағы заңнаманың тілдік кемшіліктері	114
Л.С. ТҰРҒАНБАЕВА Халықаралық шарт мәтінінің теңтүпнұсқалылығы мәселелері	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Аударма тіліндегі терминдер мәселелері	123
Шетелдік тәжірибе	127
О.В. БЕЛЮСОВА (Мәскеу қ.) Еуропалық Одақтың Латын Америка мемлекеттерімен халықаралық экономикалық қарым-қатынасы	127
Жас ғалым мінбері	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Тиімді салық саясаты және шағын бизнесті дамыту – өзара әрекеттесудің баламалы жолдары	134
Е.К. АХМЕТОВ Нормативтік құқықтық актілерге қоғамдық мониторинг туралы	139
А.С. ӘБДІКӘРІМОВА Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықтың қазіргі жай-күйі және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды тергеудің проблемалары.....	144
Ә. ЖҰМАБЕКОВА Еуропалық Одақтағы халықаралық шарттарды әзірлеу мен жасау және Ұлыбританияның Одаққа қатысты «ерекше рөлі»	149
Ж.А. МАМИТОВА Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы құжаттарды жіктеу туралы	155
Ж.Б. УӘЛИЕВА Заманауи қылмыстық құқықтық саясат қағидаларына сай отандық заңнамада кінә ұғымын бекіту мәселелері	161
Ә.Қ. ҚАПЫШЕВА Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік реформалау халықаралық тәжірибесі	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Шаруашылық немесе өзге де қызметке қойылатын экологиялық талаптарды бұзудың мазмұны мен жалпы сипаттамасы	172
Ж. МУСИНА Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасындағы мүлкті тәркілеу: құқықтық реттеудегі жаңа ұстанымдар	177
Д.Б. БАЙСАҒАТОВА Қазақстан Республикасының халықаралық терроризм мен экстремизмге қарсы іс-қимылдағы рөлі	183
Т.Б. ЖҰМАҒҰЛОВ Су қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы халықаралық ұйымдар және олардың қызметі. Құқықтық аспектілер	189
А.М. МАТЫШОВА Жасырын тергеу әрекеттерінің құқықтық реттелу мәселелері	193
Б.Н. ТӘЖІБАЕВ Медициналық қылмыстық құқық бұзушылықтардың объективтік белгілері	199

<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	207
2015 ж. 5-6 қарашада Астана қ. өткізілген «Әкімшілік акт: шығару, мазмұны және дау айту» тақырыбында әкімшілік құқық бойынша алтыншы халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	207
<i>Даналық ойлар</i>	213





**№ 4 (40)
2015**

Собственник и издатель:
ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года
Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:
Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:
Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
В.Т. Конусова
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:
Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Приветственное слово Министра юстиции РК Б.М. Имашева на торжественном собрании, посвященном 20-летию Конституционного Совета Республики Казахстан.....	9
Конституционное и административное право	11
Л.Т. ЖАНУЗАКОВА Основные направления совершенствования государственной службы в Республике Казахстан в свете реализации 100 шагов Президента	11
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Юридические процессы как составляющая основа современной правовой интеграции	18
Гражданское и гражданско-процессуальное право	25
В.Т. КОНУСОВА Банковский омбудсман в Республике Казахстан и в зарубежных странах	25
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. ШАМШЕКБАЕВ Некоторые вопросы правового регулирования договора ренты по законодательству Республики Казахстан	33
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Е.В. НЕСТЕРОВА, Д.М. ТУРЛЫБЕК Совершенствование гражданского законодательства в части договорных обязательств (общие положения и договорные обязательства о передаче имущества)	39
Уголовное право и уголовный процесс	44
А.К. КАНАТОВ Проблема квалификации отмыывания денег и (или) иного имущества, полученных преступным путем (мониторинг нововведений)	44
К.Е. ИСМАГУЛОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Некоторые вопросы применения норм УК и УПК при расследовании преступлений коррупционной направленности	49
А.К. КУРМАНОВА, Қ.Е. ИСМАГУЛОВ Правовые аспекты рассмотрения гражданских исков об освобождении имущества, находящегося в залоге, от ареста, в том числе и в уголовном процессе	54
Международное право и сравнительное правоведение	61
М.А. САРСЕМБАЕВ, К.М. САРСЕМБАЕВ, Д.М. САРСЕМБАЕВ The theme of terrorism in international law documents: proposals for their perfection (Тема о терроризме в международно-правовых документах: предложения по их усовершенствованию)	61

Ж.И. ИБРАГИМОВ, Ж.С. ДАИРОВА Актуальные положения механизмов принятия решений в ЕС	71
Е.А. ОМАРОВ, Б.О. БЕРЕМКУЛОВ Вопросы совершенствования правовой базы оказания взаимной правовой помощи по уголовным делам	77
Д.Х. ПЕРНЕЕВ О некоторых вопросах избежания двойного налогообложения	84
Правовой мониторинг	88
Т.С. САФАРОВА Правовой мониторинг в контексте правовой политики Республики Казахстан: теоретико-аналитический аспект	88
С.Б. АЙСИН, З.Г. КАЗИЕВ Опыт зарубежных стран по изучению эффективности законодательства	92
А.Г. КАЗБАЕВА Теоретические аспекты общественного мониторинга нормативных правовых актов	96
Е.А. ДЮСЕНОВ, О.К. КАРАКОЖАЕВ Участие общественных организаций в проведении правового мониторинга в Республике Казахстан	101
Из практики законодательства на государственном языке	105
Ш.Р. МЫРЗАЕВА, Т.Е. МУШАНОВ Вопросы терминологии в национальном законодательстве	105
Е. САФУАНИ, А. КАДИРОВА Роль термина в законодательстве	110
А.А. МЕДИНАЕВА Языковые недочеты действующего законодательства	114
Л.С. ТУРГАНБАЕВА Вопросы аутентичности текстов международных договоров	119
Г.М. ЖЕТЕПОВА Проблемы терминологии в переводческом деле	123
Зарубежный опыт	127
О.В. БЕЛОУСОВА (г. Москва) Международное экономическое сотрудничество ЕС с государствами Латинской Америки	127
Трибуна молодого ученого	134
Д.М. ТҰРЛЫБЕК Эффективная налоговая политика и развитие малого бизнеса – альтернативные пути взаимодействия	134
Е.К. АХМЕТОВ Об общественном мониторинге нормативных правовых актов	139
А.С. АБДИКАРИМОВА Современное состояние коррупции и проблема расследования коррупционных правонарушений в Республике Казахстан	144
А. ЖУМАБЕКОВА Разработка и заключение международных договоров в Европейском Союзе и «особая роль» Великобритании по отношению к союзу	149
Ж.А. МАМИТОВА К вопросу о классификации международных антикоррупционных документов	155
Ж.Б. УАЛИЕВА Проблемы определения вины в отечественном законодательстве, соответствующей принципам современной уголовно-правовой политики	161
А.К. КАПЫШЕВА Международный опыт реформирования государственно-частного партнерства	167
А.М. БЫТЫМБАЕВ Содержание и общая характеристика нарушения экологических требований к хозяйственной или иной деятельности	172
Ж. МУСИНА Конфискация имущества в уголовном законодательстве республики казахстан: новые подходы в правовом регулировании	177
Д.Б. БАЙСАГАТОВА Роль Республики Казахстан в противодействии международному терроризму и экстремизму	183
Т.Б. ЖУМАГУЛОВ Международные организации и их деятельность в области обеспечения безопасности воды. Правовые аспекты	189
А.М. МАТЫШОВА Вопросы правового регулирования негласных следственных действий	193
Б.Н. ТАЖИБАЕВ Объективные признаки медицинских уголовных правонарушений	199

Информационные сообщения	208
Информационное сообщение о шестой международной научно-практической конференции по административному праву на тему: «Административный акт: издание, содержание и оспаривание» 5-6 ноября 2015 года в г. Астана	208
Мудрые мысли	213



**Жетепова Гүлден Маратқызы,***ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА**және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері*

АУДАРМА ТІЛІНДЕГІ ТЕРМИНДЕР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тіл – тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол – ұлттық дініміздің көрініс табатын әлеуметтік құбылысы, мәдениетіміздің биік тұғыры да. Сондықтан тіл әлемдегі ұлттық мәдениеттің ара қатынасында аса маңызды рөлге ие. Бұл ретте Қазақстан Республикасының тіл саясаты мемлекеттік тілді дамытуға және республикада қолданылатын өзге де тілдер үшін жағдай жасауға бағытталған. Бүгінде Елбасының Қазақстан халқына жолдаған жолдауында белгіленген басым бағыттардың бірі – барлық қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы ретінде мемлекеттік тілді жан-жақты дамытуға басты назар аударылып отыр. Сондықтан қоғамда қазақ тілінің мемлекеттік дәрежесін нығайту және оның әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерін кеңейту еліміз саясатының басты стратегиялық басымдығы болып қала береді [1].

Тіліміздің өркен кең жаюына аударма саласының маңызы өте зор екенін айтып кеткім келеді. Жалпы алғанда тіл ғылымы саласында аударма мәселесі жан-жақты зерттеліп, бұл туралы көптеген теориялар мен тұжырымдар жасалуда. Солардың бірі аударма саласындағы трансформация әдісі. Оның негізгі анықтамасына қарайтын болсақ, аудармалық трансформация – белгілі-бір тілдегі сөздік және грамматикалық ережелерге сәйкес келетін мазмұнды екінші бір тілде сөйлеушілер түсінетіндей етіп алмастыру болып табылады. Осы үдеріспен байланысты аудармада «трансформациялық әдістер», «трансформациялық модельдер» пайда болғаны белгілі. Аударма туралы көптеген теориялар арасында ғалым В.Комиссаров өзінің «Лингвистика перевода» деген еңбегінде: «Аударма туралы төрт лингвистикалық теория бар, соған сәйкес аударма ұғымына да төрт түрлі анықтама беріліп жүр» деп жазған.

Аудармашылар кей кезде аударманың түпнұсқаларының дәстүрлі түсініктерін сақтауға тырысып аударылатын тілдің мағынасына

мән бермейді, ал кей кездерде аударылатын тілдің ұлттық нақыштарын сақтауға тырысады да, бастапқы шығармаларды асыра өзгертіп жіберетін тұстар аударма саласында көп кездесіп қалып жатады. Бұл мәселе айналасында С. Маркиш, В. Гумбольдт, Б. Уорф, К. Мэргэн, Л. Вайсбергер және т.б. ғалымдар өз пікірлерін білдірген болатын. Мысалы, В. Гумбольдт бұл қауіпке ұшырамау мүмкін емес екендігін айтса, өзге ғалымдар мұның себебін философиямен байланыстырады. Аудармада аудармашы бара-барлыққа жету, әрқилы тіларалық өзгертулер жасай білуі керек. Бұндай өзгертулер жоғарыда айтқанымыздай трансформациялау деп аталып келеді. Бұндай трансформациялаулар көбінесе түпнұсқа тіліндегі мағлұматтарды, хабар, мазмұнды, ақпаратты аударма тіл нормаларын сақтай отырып жеткізу мақсатында қолданылады.

Сонымен қатар, қазақ тілінде іс жүргізу әрекеті бүгін жөнді қолға алынып отырған жоқ. Қазіргі қоғамда мемлекеттік тілдің қолданыс аясы аудармамен шектеліп тұрғаны белгілі. Нормативтік-құқықтық құжаттардың, бұйрықтар мен хаттамалардың көпшілігі орыс тілінде дайындалып, қазақшаға тексерушілер үшін, мемлекеттік тілдегі құжаттардың пайыздық көрсеткішін ұлғайтып көрсету үшін аударылып қойылады. Мемлекеттік органдардың аудармасыз қадам жасай алмайтыны да ащы шындық. Ендеше, мемлекет үшін сауатты, сапалы аударманың маңызы өте зор. Сауатты, сапалы аударма жасау - аударма тілінде туындаған басты мәселе. Аудармалар сапалы болуы үшін не керек?

Біріншіден, екі тілді де еркін меңгерген, ісқағаздарын екі тілде де сауатты жазатын аудармашылар керек. Қазіргі таңда аудармашылар кімдер? Кәсіби мамандар ма әлде кездейсоқ адамдар ма? деген сұрақ туындайды. Шынын айту аудармашылардың арасында толыққанды тілді сөздікпен меңгермейтін, кейде

арасында орыс тілін білмейтін, жорамалмен аударатын, толыққанды сөздердің бірізділігін білмейтін мамандар кездесіп жатады. Ал ол болса неге акеп соғады? Арине аударманың сапасыздығына, аудармада бірізділік жоқтығына акеп соғады. Кейде аудармадағы сауатсыздық терминологиялық комиссия бекітпеген, не бұрын бекітіп, қайта өзгерткен атауларды пайдаланудан да көрініп тұрады.

Екіншіден, орталық органдардың аудармашыларында бірізділік, ортақ стиль болмай отыр. Өйткені, олардың басын қосатын, кеңестіретін, келістіретін, аудармашылардың кәсіби біліктілігіне баға беретін, білімін шыңдайтын, басқа аудармашылармен тәжірибе алмасуына мүмкіндік беретін, жаңадан бекітіліген терминдер, аудармашыға қажетті сөздіктер, көмекші құралдардың жоқтың қасы. Әркім өз білгенінше аударады, кейбірінің аудармасын оқығаннан гөрі түпнұсқасын оқығаның артық. Ал, осындай бірізділіктің болмауынан өзге ұлт өкілдерінің ана тілімізге деген көзқарасы, құрметі қалай болмақ? Сондықтан, мемлекеттік тілге іс жүзінде көшкенге дейінгі кезеңде сапалы аудармалар арқылы мемлекеттік тілдегі сауатты, сапалы құжаттар қорын қалыптастыру бағытында жұмыс жүргізілсе, нәтижесі жаман болмас еді. Әр мекеменің ішкі құжаттарын әр аудармашы әртүрлі аударса да, кіріс-шығыс құжаттарында бірізділік болу керек. Мысалы, исходящие – шығасын / шығатын, шығыс; служебная записка – қызметтік жазба / қызметтік хат, баянхат; заявка – мәлімдеме / өтінім, тапсырыс; символ – нышан / рәміз; кредит-кредит / несие; режим-режим / тәртіп; вакансия-бос жұмыс орны/вакансия; заработная плата – жалақы / еңбекақы, төлемақы.

Қазіргі таңда сонымен қатар, сөздіктердің де әртүрлі шыққаның байқап келеміз. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әртүрлі жазылуы бәрімізді де шатастырады. Қазір басылымдар сөздіктердің неше түрлісін ұсынып жатады. Олардың қағидаларына сүйенсек аударылмайтын бірде бір сөз қалмауы керек. Бірнеше ғұлама ғалымдарымыз аудармадағы сөздердің барлығы бірдей дерлік аударыла бермейтінің айтып өткен еді. Аудармашылар терминдерді аударғанда абай болған жөн. Қалай болса, онды солды аударма беретін кейбір сөздерді аударғандарының есебінен қалжыңға қалып жатқаның көруге болады, кейде өз сөзімізді өзіміз түсінбей жататын жағдайға жеттік. Мысалы: Фонтанды-«шаптырма», бассейнді-«әуіт», канализацияны-«кәріз», ярлықті-

«ен», газетті-«жариядат», минералды – «арасан», энциклопедияны – «мағлұтнама», технологты – «жасалымгер», таблетканы-«түймедақ» десек кім түсінеді. Бұл ойландыратын мәселе [2]...

Қазір сапасы бар, жоқ сөздіктер де, сөздік шығарушылар да көбейіп кеткенің көруге болады. Бұрын қалыптасып қалған сөздерді қазіргі таңда жаңа балама сөздермен алмастырып жатады. Мысалы, «охрана» сөзі әуелде «күзет» деп алынған еді. Енді оны қазақ тілді басылымдар «қорғауыл», «сырттауыл», «сайдауыл» деп алып жүр.

Тіл туралы, аударма мәселесі сонымен қатар бірқатар заңнамалық актілерінде де кездеседі. Тіл туралы заңды алсақ. Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және ісқағаздарын жүргізу тілі», – деп жазылған. Бірақта, айтылғанымен жазылғанымен бір құжатты алсақ, кез келген мекемеде алдымен ол орыс тілінде даярланады, ал олардың мемлекеттік тілдегі нұсқасын дайындау тұтастай аудармашының еншісіндегі іске айналды [4]. Осы жерде аудармашыда бірізділік болмай заңнаманың сапасыз шығуына әкеп соқтырады. Аударманың сапалы болып шығуы үшін аудармашы мынадай қағидалармен таныс болса екен деймін:

- 1) сөздер мен терминдер нақты өз мағынасында пайдаланса;
- 2) қолданылатын терминдердің бірегейлігін сақтаса;
- 3) терминком бекіткен нақты сөздердің соңғы нұсқасын пайдаланса;
- 4) өзі аударған мәтіндегі сөйлемдерді (абзацтарды) түпнұсқамен салыстыруда;
- 5) мәтінді аударма тіліне жатпайтын ұғымдар мен тіркестерден арылтуда;
- 6) стилистикалық түзетулер енгізсе.

Сонымен қатар осы мақалада заң терминдерінің аудармада кездесетін олқылықтар жөнінде де айтып кеткім келіп отыр. Заң терминдері аударманы қолдану, терминдерді ала-құла пайдалану, жарыспалы балама терминдердің пайда болуы сияқты мәселелерді де туындатады. Мәселен, «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы № 1474 Жарлығында «ходатайство» «қолдаухат» деп берілсе, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001

жылғы 30 қаңтардағы № 155-II Кодексінің 579-бабында «өтініш» деп берілген. Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 шілдедегі Қылмыстық кодексінің 175-бабында «кража» ұғымының анықтамасы былайша берілген:

Статья 175. Кража 1. Кража, то есть тайное хищение чужого имущества, ал мемлекеттік тілдегі аудармасында: «Ұрлық 1. Ұрлық, яғни бөтен мүлікті жасырын ұрлау» деп берілген, мұнда «хищение» – талан-тараж, талан-таражға салу мағынасын беретіндіктен, кража – ұрлық жасау, ұрлық, хищение – талан-тараж деп бөлек нақтылануы керек еді.. [3].

Негізінде әзірленетін негізгі құжат түрі болып саналатын заң жобалары және заң жобаларына ғылыми құқықтық сараптамалар тек ресми тілде әзірленеді. Заң жобасының бастапқы әзірленген ресми тілдегі нұсқасына сараптама жүргізіліп, кейде толықтырылған нұсқасына қайта сараптама жүргізумен заң техникасына сәйкестендіріледі, ал мемлекеттік тілдегі нұсқасы аудармашы маман әзірлеген аударма түрінде, заң техникасына сәйкес келтіруге ешбір сараптама жүргізілместен дайындалады. Заңгер маман аудармашы маманнан біліктілігімен ерекшеленетініндей құжатты әзірлеуге де әсерін тигізеді, яғни заң терминдерінің бірізді пайдаланылмауы, мәтіннің бұрмалануы, құқықтық норма мазмұнының ашылмауы, терминдер мен ұғымдардың әртүрлі баламаларының пайда болуы, аударманың сапасыздығы, мәтіндер сәйкеспейді деген мәселелердің туындауына себеп болады. Заң жобаларының мемлекеттік тілдегі аударма арқылы әзірленген нұсқаларын зерделей отырып

түпнұсқа мәтінге сәйкессіздік, терминдерді дұрыс пайдаланбау қателіктері жиі кездесетінін басында айтып өткендей байқалады.

Осы басты қазіргі туындайтын біздің мәселеміз құжаттарды мемлекеттік тілде де жүйелеу сараптауды жүзеге асырғанда ғана шешіледі. Осы іс жүзеге асқанда «қазақ тілінде аударма да жазылған нормативтік актіде не жазылғаны түсініксіз, сондықтан орыс тілінде ғана оқимын» деген пікірлер де айтылмас еді. Аударма арқылы мемлекеттік тілдің қолданылу аясындағы мәселелерді шешу әрине мүмкін емес.

Бүгінгі күнгі өзекті мәселе болып отырған бұл мәселенің шешімі құжаттарды ресми тілде дайындап отырған мамандарды мемлекеттік тілде де қатар дайындауға үйрету болып табылады. Дайындалатын құжаттарды зерделей отырып әдістемелік құралдар дайындау, оларды мемлекеттік тілде құжаттарды әзірлейтін қызметкерге дейін жеткізу. Аудармашы құжатты аударушы емес, құжатты әзірлеуге әдістемелік көмек беруші, іс жүзінде солай емес пе! Осы бағытта қызметкерлердің арасында мемлекеттік тілді үйрету курсының жұмысын тұрақты жүргізіп, орыс тілін іс қағаздарының тіліне енгізіп алған мекемелердің қызметін мемлекеттік тілге көшіруге бағыттау – мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерері анық. Бұл сонымен қатар заңнамаға сәйкес талап етіліп отырған нормативтік құқықтық актіде пайдаланылатын терминдердің сәйкес келуін, бірыңғай терминологияны пайдалануды жүзеге асыруға мүмкіндік берер еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Жолдауы.
2. <http://www.sozdik.kz/> сайты.
3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 29 қарашадағы № 1474 Жарлығы.
4. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.



Мақалада аудармадағы терминдер мәселесі қарастырылған.

Түйін сөзден: аудармадағы тілдік кемшіліктер, бірізділік, мемлекеттік тіл.

В статье рассматриваются проблемы терминологии в переводческом деле.

Ключевые слова: языковые недочеты в переводе, единообразие, государственный язык.

The article describes problems of terminology in translation.

Keywords: language defects in the translation of uniformity, the national language.

Гүлден Маратқызы Жетепова,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының кіші ғылыми қызметкері

Аударма тіліндегі терминдер мәселелері

Жетепова Гульден Маратовна,

младший научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Центра лингвистики Института законодательства РК

Проблемы терминологии в переводческом деле

Zhetepova Gulden Maratovna,

Junior researcher of the sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of SI Institute of Legislation of the Republic of Kazakhstan

Problems of terminology in the translation business